

Атырау облыстық «Біз - Қазақстанның тәлімгерлеріміз» атты І слет

2015 жылғы мамыр айында Қ. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінде **Өндірістік тәжірибе бөлімі және студенттік кәсіподақ ұйымының** бірлесуімен педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасында «Біз - Қазақстанның тәлімгерлеріміз» атты І слет өткізілді.

Мақсаты – оқу орнының үздік педагогикалық жасақтар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасындағы ең шығармашыл, кәсіби тәлімгерлерді анықтау және оларды ынталандыру.

Міндеттері:

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарас қалыптастыру;

педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;

оқу орны мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

Слетке «Қазақстан геологі» пансионатының жазғы демалысты ұйымдастырушы маманы Б.Р. Жұмағазиева, колледждің түлектері мен жұмыс маманы Г.С. Қалағанова, колледж директорының өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасары Н.Е. Мұқсиева, АИГИ колледжінің жастар ісі комитетінің жетекшісі Б. Иманғалиева әділ қазылық етті.

Слетке «Номад», «Болашақ», «Apple.kz», «Жалынды жастар», «Өркен», «Бір үйдің балалары», «Жалын», «Балдәурен» педагогикалық жасақтары қатысып, өз бақтарын сынады. Барлық қатысушылар өздерін сан қырынан таныта алды. Нәтижесінде үздіктер анықталып, дипломдармен марапатталды.

Слет келесі номинациялар бойынша жүргізілді:

- 1) «Біз - тәлімгерміз» /таныстыру/**
- 2) Топ би /флеш-моб/;**
- 3) Көрермендермен ойын;**
- 4) «Үздік іс-шара сценарийі».**

Слет қорытындысы бойынша:

I орын - «Болашақ» педагогикалық жасағы;

II орын - «Номад» педагогикалық жасағы;

III орын - «Apple.kz» педагогикалық жасағы лайықты деп табылды.

Жүлделі орындарға ие болған педагогикалық жасақтар студенттік кәсіподақ ұйымының тарапынан «Болашақ» педагогикалық жасағына плазмалы теледидар, «Номад» тобына музыкалық дауыс үдеткіш, «Apple.kz» тобына термопот сынды бағалы сыйлықтар табысталды. Ерекше көзге түскен студенттер алғыс хаттарға ие болды.







